

Мемлекеттік кәсіпорындарға және мемлекеттің акциялар пакеті немесе үлесі бар кәсіпорындарға мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қоры құрылтайшылары болуға рұқсат беру тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты Әлеуметтік Қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігі 1997 жылғы 26 қыркүйек N 7-П ҚР Әділет министрлігінде 1997 жылғы 10 қазанда тіркелді. Тіркеу N 386. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 512 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 512 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік кәсіпорындарға және мемлекеттің акциялар пакеті немесе үлесі бар кәсіпорындарға мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қоры құрылтайшылары болуға рұқсат беру тәртібі туралы осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы Заң күші бар жарлығына, "Қазақстан Республикасының банк қызметі мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 23 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына және басқа да заң актілеріне сәйкес әзірленді.

1. Ереже Қазақстан Республикасының мемлекеттік банктерінен басқа, барлық мемлекеттік кәсіпорындарға және мемлекеттің акциялар пакеті немесе үлесі бар кәсіпорындарға қолданылады.

2. Рұқсат берудің негізгі шарты мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшы кәсіпорындар қызметкерлерінің жалпы штат саны 20 (жиырма) мың адамнан кем болмауы керек.

3. Мемлекеттік кәсіпорынға мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорының бірден-бір құрылтайшысы немесе акционері болуына рұқсат етілмейді.

4. Санациядағы не банкрот деп тану туралы сотта іс қозғалған мемлекеттік кәсіпорынға және мемлекеттің акциялар пакеті немесе үлесі бар кәсіпорынға мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшысы болуына рұқсат берілмейді.

5. Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшылары болуға:

- республикалық мемлекеттік кәсіпорындар бойынша - уәкілетті министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың рұқсаты болмаса;

- мемлекеттің акциялар пакеті немесе үлесі бар кәсіпорындар бойынша - уәкілетті органның шешімі болса;

- коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар бойынша - жергілікті әкімнің рұқсаты болса рұқсат етіледі.

6. Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшылары болу үшін мемлекеттік кәсіпорындар және мемлекеттің акциялар пакеті немесе үлесі бар кәсіпорындар рұқсат алуға мынадай құжаттар ұсынады:

- кәсіпорынның мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшысы болуға рұқсат беру туралы фирмалық бланкадағы өтініші;

- құрылтайшы кәсіпорындардағы қызметкерлердің саны туралы анықтама;

- мемлекеттік кәсіпорынның және мемлекеттің акциялар пакеті немесе үлесі бар кәсіпорындардың уәкілетті басқару органының рұқсаты.

НЕГІЗДЕМЕ - АНЫҚТАМА

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бюджеттік мекемелерде кассалық операцияларды жүргізудің біртұтас тәртібін орнатудың, кассалардағы қолма-қол ақшалар қалдығының лимитін және есеп айырысудағы қолма-қол ақшаларды пайдаланудың шекті сомасын анықтаудың қажеттігіне байланысты, сондай-ақ кассалық тәртіпті бақылау үшін бюджеттік ұйымдарда кассалық операцияларды жүргізудің Уақытша тәртібін әзірлейді.

Аталған нормативтік акт Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 мамырдағы N 874 P970874_ Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы қаулының 6 және 8 т.т. және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 1997 ж. 26 маусымдағы Бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті туралы қаулының 5 және 6 т.т. сәйкес дайындалды.

Заңгерлік қызмет
департаментінің директоры